Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «28» мамырдағы №86
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: **«Алтын Орда» қоғамдық қайырымдылық қоры**
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): **Қажым Ералы Мақсұтұлы**
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: **+77071576001**
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): **Гендерлік саясат және әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру**
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: **01.08.2024 - 30.11.2024**
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: **5 500 000**

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

**1-міндет. Сарапшылардың қатысуымен отбасылық және гендерлік саясатты дамыту бойынша кемінде 15 іс – шара ұйымдастыру (қатысушылар саны кемінде-600 адам)**

1 шара. «Тең мүмкіндіктер әлемі» атты 15 кездесу (оның 8-і шеберлік сағаты, 7 кездесу) өткізу. Отбасылық және гендерлік саясатты дамыту мақсатында жастармен кездесу өткізу**.**

«Тең мүмкіндіктер әлемі» атты отбасылық және гендерлік саясатты дамыту мақсатында жастармен 15 кездесу ұйымдастырылды. Іс-шаралар легі шеберлік сағаттарынан бастау алды. Заңгер,медиатор, Қоғамдық кеңес мүшесі, Қоғам белсендісі – Кесебаева Айжан Өмірзаққызы өз тәжірибесімен бөлісті. Қаржылық сауаттылықты арттыру мақсатында ұйымдастырылған 1 шеберлік сағаты «Жастар рухы» жастар қанаты Шымкент қалалық филиалында өткізілді. Жалпы іс-шараға 25 жас қатысты**.** Шеберлік сағатында қаржылық сауаттылыққа байланысты түрлі ситуациялық жағдаяттарды қарастырды. Сонымен қатар, жастар 2 топқа бөлініп, түрлі ойындар арқылы өз қаржылық сауаттылықтарын арттырды. Шара соңында жастар тарапынан сұрақтар қойылып, тиісті, мардымды жауаптар айтылды.

Авиценна атындағы жоғары медицина колледжінде шеберлік сағаты өтті. Шеберлік сағатын заңгер,медиатор, Қоғамдық кеңес мүшесі, Қоғам белсендісі – Кесебаева Айжан Өмірзаққызы өткізді. Жалпы, болашақ ақ халатты абзал жандарға түрлі ойындар және ситуациялық сұрақтар арқылы қаржылық сауаттылық жайында кеңінен ақпарат берілді. Іс-шараға 25 жас қатысты**.** 2 топқа бөлінген жастар өзара кіл мықтыны анықтады. Тиісінше, әр топ өздеріне міндеттелген сұрақтар мен түрлі жағдаяттарды өз деңгейінде алып шықты. Іс-шара соңында түрлі ситуациялық сұрақтар қойылып, спикер тарапынан жауаптар айтылды. Қазақстан медициналық колледжінде жалғасқан 3-шеберлік сағаты спикер, заңгер,медиатор, Қоғамдық кеңес мүшесі, Қоғам белсендісі - Кесебаева Айжан Өмірзаққызының қатысуымен өтті. Спикердің қойған сұрақтарына колледж студенттері түрлі жағдаяттармен жауап берді. Сонымен қатар, арнайы әзірленген тест сұрақтарына 2 топқа бөлінген жастар жарыса жауап жазды. Спикер қойған сұрақтардың заң аясында қалай дұрыс, бұрыстығын айтып, жастардың қаржылай сауаттылығын одан әрі шыңдай түсті. Жалпы шараға 30 ға жуық жас қатысты. Колледж басшылығы мұндай іс-шаралардың көптеп ұйымдастырылуы керек екенін тілге тиек етті. Шеберлік сағаты спикер және жастардың арасындағы сұрақ-жауаппен

өз мәресіне жетті. Шымкент жоғары педагогикалық колледжінде 4 - шеберлік сағаты өз жалғасын тапты. 25 жас қатысқан шеберлік сағатын заңгер, медиатор, Қоғамдық кеңес мүшесі, Қоғам белсендісі – Кесебаева Айжан Өмірзаққызы жүргізді. Арнайы әзірленген ситуациялық сұрақтар мен тест сұрақтары қатысушылардың қаржылық сауаттарын шыңдады. Қатысушыларды 2 топқа бөліп, заңға қатысты түрлі сұрақтар мен жағдаяттарға қарастырылып, жауап берілді. 5 - шеберлік сағаты заңгер, медиатор, Қоғамдық кеңес мүшесі, Қоғам белсендісі – Кесебаева Айжан Өмірзаққызының жүргізуімен Болашақ жоғары колледжінде өтті. Іс-шараға 50 ден астам жас қатысып, қаржылық сауаттылықтарын арттырды. Іс-шарада түрлі жағдаяттар қарастырылып, тиісінше заңды тұрғыда жауаптары айтылды. Арнайы дайындалған тест сұрақтары мен ситуациялық сұрақтар қатысушылардың ары қарай қаржылық сауаттылықтарын арттыруға өз септігін тигізді. 6 - шеберлік сағаты М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінде өтті. Шеберлік сағатын заңгер, медиатор, Қоғамдық кеңес мүшесі, Қоғам белсендісі – Кесебаева Айжан Өмірзаққызы жүргізді. Жалпы шараға 25 тен аса колледж жастары қатысты. Айжан Өмірзаққызы жылдар бойы жинаған тәжірибесімен бөлісті. Шеберлік сағаты 1 сағатқа жуық уақыт аралығында өтті. Қатысушылар спикер дайындаған ойындар мен тест сұрақтарына жауап беріп, өздеріне керекті мағлұматтарды алды.

«Гендерлік теңдік-тұрақтылыққа тірек!» тақырыбында кездесу өтті. Ағымдағы жылдың қараша айында Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжінде гендерлік саясат, әйелдің қоғамдағы маңызы, отбасылық құндылықтарды арттыру мақсатында кездесу өтті.

https://www.instagram.com/p/DCOHR_NyrX/?igsh=MTZvYjQ5NXo5ZjlsNg==

Кездесуге колледж жастары қатысып, аталған тақырыптар жайлы кеңінен ақпарат алды. Кездесуге 60 студент қатысты. Кездесуге гендерлік зорлық-зомбылық бойынша ЮНФПА ұлттық кеңесшісі, сапалы зерттеулер бойынша халықаралық сарапшы, NLP тренері (M.A.NLP), сертификатталған тренер, бейбітшілік елшісі – Сағадат Сабитова қатысты.Кездесу барысында жастар тарапынан аталған тақырыптарға байланысты сұрақтар қойылып, сәйкесінше жауаптар айтылды. Шымкент медициналық колледжінде «Гендерлік теңдік-тұрақтылыққа тірек!» тақырыбында кездесу өтті. Спикер- гендерлік зорлық-зомбылық бойынша ЮНФПА ұлттық кеңесшісі, сапалы зерттеулер бойынша халықаралық сарапшы, NLP тренері (M.A.NLP), сертификатталған тренер, бейбітшілік елшісі – Сағадат Сабитова. Студенттер өз пікірлерін білдіріп, гендерлік теңдіктің еңбек нарығындағы, білім саласындағы және отбасы өміріндегі маңыздылығы туралы талқылады. Әрбір қатысушының көзқарасы кездесудің тақырыбын терең түсініп, өзекті мәселелерді шешуде қоғамның рөлін арттыруға бағытталды. Кездесуге жалпы саны 60 жас қатысты. Политехникалық колледжде «Гендерлік теңдік және тұрақтылыққа тірек» тақырыбында маңызды кездесу өтті. Кездесуге 60 студент қатысып, гендерлік теңдік мәселесі мен оның қоғамдағы тұрақтылыққа әсері туралы пікірлерін білдірді.

Кездесу барысында студенттер гендерлік теңдіктің тек әйелдер мен ерлердің тең құқықтарына қатысты ғана емес, жалпы қоғамның дамуына, әлеуметтік әділеттілік пен бейбітшілікке ықпалы зор екенін атап өтті. Тұрақтылықтың негізі – қоғамдағы әділеттілік пен теңдік екені сөзсіз, ал бұл үшін әркімнің құқықтары мен мүмкіндіктері тең дәрежеде қамтамасыз етілуі қажет. Спикер- гендерлік зорлық-зомбылық бойынша ЮНФПА ұлттық кеңесшісі, сапалы зерттеулер бойынша халықаралық сарапшы, NLP тренері (M.A.NLP), сертификатталған тренер, бейбітшілік елшісі – Сағадат Сабитова. Жол-көлік колледжінде «Гендерлік теңдік және тұрақтылыққа тірек» тақырыбында маңызды кездесу өтті. Кездесуге 60 студент қатысып, гендерлік теңдіктің қоғамдағы орны мен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлі туралы ой бөлісті.

https://www.instagram.com/p/DCTyukWtnDu/?igsh=YnFvNDNmYzNlZnY=

Гендерлік теңдік – тек жеке тұлғалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін теңестіру ғана емес, бұл – қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған маңызды қадам. Студенттер осы мәселелерді терең талқылап, тең құқықтар мен

мүмкіндіктерді қамтамасыз ету арқылы біз қоғамда әлеуметтік теңдік пен тұрақтылыққа қол жеткізе алатынымызды атап өтті. . Кездесуге гендерлік зорлық-зомбылық бойынша ЮНФПА ұлттық кеңесшісі, сапалы зерттеулер бойынша халықаралық сарапшы, NLP тренері (M.A.NLP), сертификатталған тренер, бейбітшілік елшісі – Сағадат Сабитова қатысты. Орталық Азия Инновациялық университетінде өткен «Гендерлік теңдік және тұрақтылыққа тірек» тақырыбындағы кездесу студенттер үшін маңызды әрі мазмұнды оқиға болды. Спикер-гендерлік зорлық-зомбылық бойынша ЮНФПА ұлттық кеңесшісі, сапалы зерттеулер бойынша халықаралық сарапшы, NLP тренері (M.A.NLP), сертификатталған тренер, бейбітшілік елшісі – Сағадат Сабитова.Кездесуге 60 студент қатысып,гендерлік теңдік мәселесі әртүрлі қырынан қаралды. Студенттер осы тақырыпты талқылай отырып, қоғамдағы теңдік пен әділеттіліктің тұрақтылықты қамтамасыз ететін басты фактор екеніне тоқталды.Тұрақтылықты қалыптастыру үшін әр адамға тең құқықтар мен мүмкіндіктер беру қажеттігі сөзсіз. Студенттер арасында теңдікке негізделген қоғамның бірлігін нығайту және болашаққа сенімді қадам жасау туралы пікірлер айтылды. Мирас университетінде «Гендерлік теңдік және тұрақтылыққа тірек» тақырыбында маңызды кездесу өтті. 60 студент қатысқан шара барысында гендерлік теңдіктің қоғамдағы орны және тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлі кеңінен талқыланды. Кездесуге гендерлік зорлық-зомбылық бойынша ЮНФПА ұлттық кеңесшісі, сапалы зерттеулер бойынша халықаралық сарапшы, NLP тренері (M.A.NLP), сертификатталған тренер, бейбітшілік елшісі – Сағадат Сабитова қатысты.Кездесуде гендерлік теңдік тек әлеуметтік әділеттілік, бірақ сонымен бірге қоғамдағы тұрақтылықтың маңызды кепілі ретінде қарастырылды. Студенттер тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету арқылы біз әділетті қоғам орнатып, әлемнің әрбір бұрышында бейбітшілік пен прогресс үшін негіз қалауымыз керектігін атап өтті. Шымкент жоғары педагогикалық колледжінде  гендерлік зорлық-зомбылық бойынша ЮНФПА ұлттық кеңесшісі, сапалы зерттеулер бойынша халықаралық сарапшы, NLP тренері (M.A.NLP), сертификатталған тренер, бейбітшілік елшісі – Сағадат Сабитованың жүргізуімен «Гендерлік теңдік және тұрақтылыққа тірек» тақырыбындағы кездесу ерекше маңызды әрі мазмұнды болды. Кездесуге 60 студент қатысты.Кездесу барысында гендерлік теңдік тек жеке тұлғалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін теңестіру ғана емес, бұл – қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік пен тұрақтылықтың басты негізі. Студенттер осы тақырыпта пікір алмасып, гендерлік теңдікке қол жеткізу арқылы біз тек жеке тұлғаларға ғана емес, бүкіл қоғамға тиімді әрі әділетті болашақ орната алатынымызды атап өтті.Кездесуде студенттер тек теориялық қана емес, практикалық тұрғыдан да өз ұсыныстарын білдіріп, гендерлік теңдікті қалай жақсартуға болатындығы жөнінде пікірлер айтылды. Қоғамда өзгерістер мен прогресс үшін гендерлік теңдіктің маңызды рөл атқаратыны анық! Жалпы шараларға  620 адам қатыстырылды.

https://www.instagram.com/p/DB8tYwdtqgr/?igsh=MXZsY2xmOWhyendmYg==

**2-міндет. Отбасылық құндылықтарды дамытуға, стереотиптермен және жыныстық белгілері бойынша кемсітушілікпен күресуге бағытталған ақпараттық кампаниялар жүргізу.**

1 шара. Гендерлік саясат және әйелдердің қоғамдағы рөлі бойынша  түсіндірме жұмыстары. Университет студенттерімен  ақпараттық түсіндірме  жұмыстарын жүргізу.

Тапсырыс берушімен спикерлер және өтетін орындары келісілген. Оңтүстік Қазақстан Медицина академиясында өткен «Отбасылық құндылықтар» тақырыбындағы кездесу өте мағыналы әрі көңілге қонымды болды. Кездесуге 200-ден астам студент қатысып, отбасының қоғамдағы рөлі мен құндылықтарының маңыздылығын талқылады. Кездесу барысында студенттер отбасы – қоғамның негізі, әрбір адамның моральдық, рухани және әлеуметтік дамуының бірінші мектебі екенін атап өтті. Отбасы құндылықтары – сүйіспеншілік, сенім, қолдау мен тәрбие беру, олар әрбір адамға өмірде дұрыс бағыт-бағдар береді.Отбасы құндылықтарын сақтау және нығайту – бұл тек жеке тұлғаның ғана емес, бүкіл қоғамның әл-ауқаты мен дамуына ықпал ететін маңызды фактор. Кездесу барысында құндылықтар мен дәстүрлердің ұрпақтан-

ұрпаққа берілуі, сондай-ақ отбасы қатынастарының сапасын жақсарту туралы ұсыныстар айтылды.Оңтүстік Қазақстан Медицина академиясының студенттері, болашақ медицина мамандары ретінде, отбасылық қарым-қатынастардың маңызы мен адамның тұлғалық қалыптасуына әсерін терең түсініп, осы мәселе бойынша өз көзқарастарын білдірді. Кездесудегі әрбір пікір құнды әрі өзекті болды, бұл студенттерге өмірлік маңызды сабақ болды. Кездесуге биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстандағы алғашқы ЭКО нәрестенің авторы, «Экомед» клиникалар тобының және "NGC" халықаралық репродукция орталығының негізін қалаушы және ғылыми жетекшісі, «Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау ісінің үздігі» Салтанат Берденқызы Байқошқарова қатысты.

**2-іс-шара.** Биология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстандағы алғашқы ЭКО нәрестенің авторы, «Экомед» клиникалар тобының және "NGC" халықаралық репродукция орталығының негізін қалаушы және ғылыми жетекшісі, «Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау ісінің үздігі» Салтанат Берденқызы Байқошқарованың және "Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Джумакулова Айгерим Абдиохаповна қатысуымен Жастар ресурстық орталығында «Отбасылық құндылықтар» тақырыбындағы кездесу ерекше мазмұнды әрі маңызды болды. Кездесуге 300-ден астам студент қатысып, отбасының қоғамдағы рөлі мен құндылықтарының маңыздылығын талқылады.

Кездесу барысында қатысушылар отбасы – қоғамның негізгі тірегі, адамның рухани және моральдық дамуының алғашқы мектебі екенін атап өтті. Отбасы құндылықтары, оларды сақтау және нығайту әрбір қоғам мүшесінің өмірінде үлкен орын алады. Махаббат, сыйластық, сенім – отбасының негізін қалаушы басты құндылықтар болып табылады.

Студенттер осы тақырыпты талқылай отырып, құндылықтар мен дәстүрлердің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі және отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрметі мен қолдауының маңызды екендігін атап өтті. Әсіресе, отбасылық қарым-қатынастардың сапасы қоғамның әлеуметтік әл-ауқатына тікелей әсер етеді.

Кездесуде студенттер отбасы құндылықтарының қоғамды жақсартудағы рөлі мен оның тәрбиелік маңызын терең түсінді. Бұл шара жастардың жауапкершілігін арттыруға, отбасы институтын сақтау мен нығайтуға бағытталған маңызды қадам болды. Жалпы шараларға 566 адам қатыстырылды.

https://www.instagram.com/p/DA2nDdatNmk/?igsh=OWtuOWhobmFqMTVy

**3-міндет. Отбасылық құндылықтар туралы - 2000 дана, гендерлік саясат туралы - 2000 дана тақырыптық парақшалар, отбасылық құндылықтар туралы - 2000 дана, гендерлік саясат туралы - 2000 дана мемлекеттік және орыс тілдерінде тақырыптық ақпараттық буклеттер дайындалады.**

1 шара. Гендерлік саясат және әйелдердің қоғамдағы рөлі бойынша ақпараттық жұмыстар.

Тапсырыс берушімен мазмұны мен эскизі келісілген.

https://www.instagram.com/p/DC54Vi4tYiR/?igsh=bG1zcGZhb2k2eGow

«Тең мүмкіндіктер» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпараттық парақшалар мен буклеттердің дайындалуы жобаның қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруға үлкен үлес қосады. Бұл шара қоғамдық қолдауды қамтамасыз ету және ақпаратты кең аудиторияға жеткізу үшін өте маңызды.

Ақпараттық парақшалар мен буклеттерде жоба туралы қысқаша әрі нақты мәліметтер, оның мақсаттары мен міндеттері, сондай-ақ қатысушыларға қажетті ақпарат ұсынылды. Әр іс-шарада олардың таратылуы қатысушыларға жобаның мән-маңызын түсінуге, оған белсенді қатысуға ынталандырады.

Мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалуы тілдік тосқауылдарды жоюға және ақпаратты барлық қатысушыларға теңдей жеткізуге мүмкіндік береді.
Осылайша, ақпараттық парақшалар мен буклеттердің әр іс-шарада таралуы жобаның ақпараттық қолдауы мен қатысушылардың ақпаратқа қолжетімділігін арттырады. Сонымен қатар, жоба аясында әзірленген буклеттер мен парақшаларды қала тұрғындарына тарату да жүзеге асты. Белсенді жастардың көмегімен қала тұрғындары көп жиналатын орындарда парақшалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жалпы 10 000 адам қамтылды.

**4-міндет. 4 тақырыптық бейнеролик жасау (1 минут) және оларды жергілікті телеарнада және әлеуметтік желілерде көрсетуді қамтамасыз ету (отбасылық құндылықтар туралы 2 ролик, гендерлік саясат туралы 2 ролик.)**

**«Еңбекқор әйел» және гендерлік саясат туралы бейнетүсірілім.**

1 шара. «Еңбекқор әйел» және гендерлік саясат туралы бейнетүсірілім.
Тапсырыс берушімен сценарии келісіліп, түсірілді.
«Тең мүмкіндіктер» жобасы аясында «Еңбекқор әйел» тақырыбында бейнетүсірілім әзірленуі – қоғамдағы әйелдердің рөлін, еңбектегі жетістіктерін және олардың өмірде алатын орнын көрсету үшін маңызды қадам. Мұндай бейнемазмұнды жасау арқылы әйелдердің еңбекке қосқан үлесі, олардың табандылығы мен қажырлы еңбегі атап өтіледі.
Бейнетүсірілімде еңбекқор әйелдердің түрлі салалардағы жетістіктері, олардың қиындықтарды жеңу жолындағы ерік-жігері мен табандылығы көрсетілді. Бұл бейнемазмұн әйелдердің еңбек нарығындағы орны мен қоғамдағы рөлін тануға және гендерлік теңдікті нығайтуға бағытталған маңызды құрал. Бейнетүсірілімге З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп директоры, Қазақстанның Еңбек сіңірген ұстазы Тойлыбаева Жанар Жорақызы және Шымкент қаласы Мәслихатының депутаты, ЦСП РМҚК парапланинг бойынша нұсқаушы-спортшы Дубинина Алина Равильевна түсті. Бейтүсірілімдер әлеуметтік желі және жергілікті телеарналар арқылы 1 ай көлемінде көрсетілді.
Осылайша, «Еңбекқор әйел» тақырыбындағы бейнетүсірілім гендерлік теңдік мәселесін қозғап, қоғамдағы әйелдердің рөлін тереңірек түсінуге көмектеседі және әйелдердің еңбекке деген қатынасын өзгертуге ықпал етеді.
https://www.instagram.com/reel/DDMv4ImKucj/?igsh=MTF1N28ybmozZ2ppdw==

**5-міндет. 10 дана тақырыптық баннерлер дайындау және қаланың орталық көшелерінде кемінде бір ай мерзімге орналастыру**

**1 шара. 10 дана тақырыптық баннерлер дайындау (1 ай мерзімде тұру).**

Тапсырыс берушімен эскизі мен мазмұны келісілген баннерлер бір ай көлемінде тапсырыс берушінің ұсынған қала көшелеріне лэд экрандарға орналыстырылды.

**6 міндет. Әйелдердің қоғамдағы маңызды рөліне назар аударуға бағытталған Мәдени іс-шараны ұйымдастыру (кемінде 200 қатысушы)**

1 шара. Мәдение іс-шараны ұйымдастыру. «Әйелдің қоғамдағы маңызы» тақырыбында психологтардың қатысуымен тимбилдинг жүргізу. Шымкент қаласында жас психологтардың қатысуымен «Әйелдің қоғамдағы маңызы» тақырыбында ерекше семинар-тимбилдинг өтті. Іс-шараға жалпы 200 ден аса адам қатысты. Әйелдердің қоғамдағы рөлі, олардың әлеуметтік және психологиялық жағдайы, қоғамға тигізетін әсері жөнінде терең ой бөлісті.

Семинар барысында қатысушылар әйелдің тұлғалық дамуы, психологиялық қолдау, отбасылық және қоғамдық қарым-қатынастарда әйелдің маңыздылығы туралы әртүрлі көзқарастар мен тәжірибелермен бөлісті. Сонымен қатар, тимбилдинг кезеңінде командалық жұмыс арқылы қатысушылар арасындағы байланыс нығайып, ортақ мақсатқа жету жолындағы ынтымақтастық күшейтілді.
Әрбір тренинг пен сұхбат, пікірталас қатысушыларға жаңа білім мен дағдылар алып қана қоймай, әйелдердің қоғамдағы рөлін әрі қарай нығайтуға ықпал етті. Тимбилдингті спикер- педагог-психолог, «Alem Mektebi» мектеп директоры Алтынбек Срайылұлы жүргізді.
**Семинар-тимбилдингтің басты мақсаты** – жас психологтарға әйелдердің психологиялық денсаулығына әсер ететін факторлар мен қолдау көрсету тәсілдері туралы жаңа білім мен тәжірибе ұсыну болды. Сонымен қатар, психология саласындағы жаңашыл идеялар мен әдіс-тәсілдер бойынша пікір алмасып, кәсіби дағдыларды жетілдіру көзделді.
Іс-шара барысында жас психологтар бір-бірімен тәжірибе бөлісіп, топтық жаттығулар мен тренингтерге қатысып, өздеріне жаңа көзқарастар мен тәсілдер алып қайтты.
Қатысушылар әлеуметтік ортада әйелдерге қатысты стереотиптер мен қысымдарды жеңу, психологиялық қолдау көрсету жолдары туралы терең ой қозғап, бірлесіп шешімдер іздеді. Бұл семинар жас психологтардың кәсіби дамуына ғана емес, адамгершілік тұрғыдан да байытты, ортақ мақсатқа жетуге деген ұмтылысты арттырды.
Абай саябағының тыныш атмосферасы мен шығармашылық орта қатысушыларға жаңа идеялармен шабыттанып, бір-бірінен үйренуге мүмкіндік берді.
https://www.instagram.com/reel/DAlblgDNIQe/?igsh=cnp4NXJic2YyMmpm
**7 міндет. Әрбір іс-шараның фото және бейнетүсірілімін ұйымдастыру.**
1 шара. Шаралар барысында фото, бейне түсіру.
Жоба барысында барлық іс-шараға фото және бейне түсірілді.
https://www.instagram.com/altynorda_shymkent?igsh=ODg1ZGxtYjQwOXlr
2 шара. Сауалнама.
Жоба барысында барлық қатысушыдан сауалнама алынып, қанағаттану деңгейі 80 пайыз астам болды.
**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

<table>
<tr><td colspan="3">Жобаның мақсаты:</td><td colspan="7">Отбасындағы және қоғамдағы әйел рөлінің маңызын дәріптеу, кешегі қазақ әйелінің даналығы арқылы қазіргі заман әйелінің бейнесін ашып, болашақ қазақ әйелінің болмысын қалыптастыруға серпін беру.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:</td><td colspan="7">Жоба жаңа бастамаларды, әйелдердің қоғам өміріндегі рөлін арттыруға, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, жеке өсуі үшін жағдай жасауға арналған жалпы тәсілдерді әзірлеу үшін диалог алаңы болады.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Міндет</td><td rowspan="2">Міндет шеңберіндегі іс-шаралар</td><td rowspan="2">Өткізілу күні</td><td rowspan="2">Өткізілу орны</td><td rowspan="2">Қатысушылардың саны</td><td rowspan="2">(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер</td><td rowspan="2">Сандық және сапалық көрсеткіштер</td><td colspan="2">Индикаторлар</td><td rowspan="2">Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)</td></tr>
<tr><td>жоспар</td><td>факт</td></tr>
<tr><td>1 міндет. Сарапшылардың қатысуымен отбасылық және гендерлік саясатты дамыту бойынша кемінде 15 іс – шара ұйымдастыру (қатысушылар саны</td><td>«Тең мүмкіндіктер әлемі» атты 15 кездесу өткізу отбасылық және гендерлік</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td>Тапсырыс берушімен келісілген шеберлік сағаттар мен кездесулер бағдарламалары мен өтетін орындары</td><td>15 (8 шеберлік сағат, 7 кездесу)</td><td>15 (8 шеберлік сағат, 7 кездесу)</td><td></td></tr>
</table>

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| кемінде-600 адам) | саясатты дамыту мақсатында жастармен кездесу өткізу | | | | | Қатысушылар саны, тізімі<br>Сауалнама<br>Сауалнама қорытындысы<br><br><br>Фото/бейнеесеп<br><br><br>Қатысушылардың пікірі<br>Әлеуметтік желідегі жарияланым<br>БАҚ-тағы жарияланым<br>Тапсырыс берушімен келісілген сарапшылар (түйіндеме, диплом)<br>Сарапшылардың кездесу барысындағы материалдары (слайд, баяндама)<br>Қорытынды ақпарат<br><br>Жанама қамту<br>Таргет | Жалпы 600<br>1<br>100 әйел адамның шеберлігі артады<br>Әр шарадан 4/1<br>Әр шарадан 2<br>Әр шарадан 2<br>Жалпы 1<br><br>1-ден кем емес<br><br><br>1-ден кем емес<br><br><br>1- ден кем емес<br>10000<br>1 | Жалпы 614<br>1<br>100<br><br><br><br>60/15<br><br><br>30<br><br>30<br><br>1<br><br>1<br><br><br><br>1<br><br><br><br>1<br><br>10 000<br>1 | |
| 2 міндет. Отбасылық құндылықтарды дамытуға, стереотиптермен және жыныстық белгілері бойынша кемсітушілікпен күресуге бағытталған ақпараттық кампаниялар жүргізу | Гендерлік саясат және әйелдердің қоғамдағы рөлі бойынша түсіндірме жұмыстары. Университет студенттерімен ақпараттық түсіндірме жұмыстар өткізу | | | | | Тапсырыс берушімен келісілген шара бағдарламалары мен өтетін орындары<br>Қатысушылар саны, тізімі<br>Фото/бейнеесеп<br><br><br>Қатысушылардың пікірі<br>Әлеуметтік желідегі жарияланым<br>Қорытынды ақпарат<br>Жанама қамту | 2-ден кем емес<br><br><br><br>200<br><br>Әр шарадан 4/1<br>Әр шарадан 1<br>Әр шарадан 2<br>1<br>10000 | 2-ден кем емес<br><br><br><br>557<br><br>20/2<br><br><br>2<br><br>4<br><br>1<br>10 000 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Таргет | 1 | 1 | |
| 3 міндет. Отбасылық құндылықтар туралы - 2000 дана, гендерлік саясат туралы - 2000 дана тақырыптық парақшалар, отбасылық құндылықтар туралы - 2000 дана, гендерлік саясат туралы - 2000 дана мемлекеттік және орыс тілдерінде тақырыптық ақпараттық буклеттер дайындалады | Гендерлік саясат және әйелдердің қоғамдағы рөлі бойынша ақпараттық жұмыстар | | | | | Мазмұны мен дизайны тапсырыс берушімен келісілген тақырыптық парақшалар мен буклеттер үлгісі<br>Тапсырыс берушімен келісілген тақырыптық парақшалар (екі тілде) (отбасылық құндылықтар туралы - 2000 дана, гендерлік саясат туралы-2000 дана) жалпы саны – 4000 дана<br>Тапсырыс берушімен келісілген тақырыптық ақпараттық буклеттер (екі тілде) (отбасылық құндылықтар туралы - 2000 дана, гендерлік саясат туралы-2000 дана) жалпы саны – 4000 дана<br>Шаралар барысында таратылғанының фотосы/бейнеесебі<br>Шараға тікелей/жанама қамту саны<br>Әлеуметтік желідегі жарияланым<br>Қорытынды ақпарат<br>Таргет | 2 парақша, 2 буклет<br>4 фото/1 бейнеесеп<br>4 фото/1 бейнеесеп<br>40 фото/4 бейнеесеп<br>10 000/10 000<br>3-тен кем емес<br>1<br>1 | 2 парақша, 2 буклет<br>4/1<br>4/1<br>45/10<br>10 000/10 000<br>3-тен кем емес<br>1<br>1 | |
| 4 міндет. 4 тақырыптық бейнеролик жасау (1 минут) және оларды жергілікті телеарнада және әлеуметтік желілерде | «Еңбекққор әйел» және гендерлік саясат туралы бейнетүсірілім | | | | | Тапсырыс берушімен келісілген бейнероликтердің сценарийі<br>Тапсырыс берушімен | 4<br>4 | 4<br>4 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| көрсетуді қамтамасыз ету (отбасылық құндылықтар туралы – 2 ролик.; гендерлік саясат туралы-2 ролик.) | | | | | | келісілген бейнероликтер<br>Бейнероликтерді телеарналар арқылы тарату<br>Бейнероликтің телеарна арқылы таралғандығы туралы анықтама<br>Бейнероликтерді әлеуметтік желі арқылы тарату<br>Дайджест (скрин, сілтемелер, қаралым саны) | <br>1-ден кем емес<br>1-ден кем емес<br>2-ден кем емес<br>20 000-нан кем емес | <br>1<br>1<br>2<br>20 000 | |
| 5 міндет. 10 дана тақырыптық баннерлер дайындау және қаланың орталық көшелерінде кемінде бір ай мерзімге орналастыру | 10 дана тақырыптық баннерлер дайындау (1 ай мерзімде тұру) | | | | | Тапсырыс берушімен келісілген тақырыптық баннерлер<br>Тапсырыс берушімен келісілген баннерлерді орналастыру мекен-жайлары<br>Фото/бейнеесеп<br>Әлеуметтік желідегі жарияланым<br>Баннердің ілініп тұру мерзімі<br>Бейнепікір | 10<br>10<br>10/2<br>3<br>1 ай<br>5-тен кем емес | 10<br>10<br>10/2<br>20<br>1 ай<br>5 | |
| 6 міндет. Әйелдердің қоғамдағы маңызды рөліне назар аударуға бағытталған Мәдени іс-шараны ұйымдастыру (кемінде 200 қатысушы); | Мәдени іс-шараны ұйымдастыру. «Әйелдің қоғамдағы маңызы» тақырыбында психологтардың қатысуымен тимбилдинг жүргізу | | | | | Тапсырыс берушілермен келісілген шараның форматы мен тақырыбы<br>Тапсырыс берушімен келісілген психологтар (түйіндеме, диплом)<br>Қатысушылар саны, тізімі | 1-ден кем емес<br>2<br>200 | 4<br>2<br>216 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Пікір<br>Фото/бейнеесеп<br>Әлеуметтік желіге жарияланым<br>Қорытынды ақпарат | Әр шарадан 2<br>Әр шарадан 4/1<br>3<br>1 | 8<br>16/4<br>4<br>4 | |
| 7 міндет.<br>Әрбір іс-шараның фото және бейне түсірілімін ұйымдастыру | Шаралар барысында фото, бейне түсіру<br>Сауалнама | | | | | Фото<br>Бейне<br>Сауалнама сұрақтары<br>Сауалнама қорытындысы | 100-ден кем емес<br>10-нан кем емес<br>1<br>1 (қанағаттану деңгейі 80%) | 100<br>10<br>1<br>1 (қанағаттану деңгейі 80%) | |
| Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы | Жоба аяқталу кезінде Бейнеролик дайындалады | | | | | Жоба соңында әлеуметтік желілерде жоба туралы шығарылыммен арнайы бейнеролик дайындалады.<br>Қорытынды презентация | 1<br>1 | 1<br>1 | |
| Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс | Жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс | | | | | Контент-жоспар<br>Әлеуметтік желідегі жарияланымдар<br>Шаралар барысындағы видеолардан бейнеролик жариялау<br>Дайджест (сілтемелер мен скриндар) | 1<br>10-нан кем емес<br>5-тен кем емес<br>1 | 1<br>10<br>5<br>1 | |

**Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:**

Жоспарланған міндеттер орындалды, сандық және сапалық индикаторларға қол жеткізілді

**Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | Индикатор | Өлшем бірлігі | Жоспарланған деңгейі | Нақты деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тікелей бенефициарлардың саны | адам | 1000 | 1100 |
| 2. | Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та | адам | 20 000 | 20 000 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жарықтандыру есебінен) | | | |
| 3. | Штаттық қызметкерлердің саны | адам | 2 | 2 |
| 4. | Тартылған мамандардың саны | адам | 15 | 15 |
| 5. | Қамтылған ҮЕҰ саны | ұйым | 2 | 2 |
| 6. | Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры | теңге | 110 000 | 110 000 |
| 7. | Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС) | теңге | | |
| 8. | Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу) | теңге | 0 | 0 |
| 9. | Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар) | ұйым/адам | 0 | 0 |

**2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):** Гендерлік теңдік пен әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыру бойынша іс-шаралар ауқымды және көпқырлы болуы қажет. Олардың барлығы әйелдерге өз құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, қоғамда тең құқылы, әділ және инклюзивті орта қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Мұндай шараларды жүйелі түрде жүзеге асыру арқылы ғана әйелдердің қоғамдағы мәртебесі арттырылып, гендерлік теңдікке қол жеткізу мүмкін болады

**3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу**

Гендерлік саясатты, әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған әлеуметтік жобалар мен бағдарламалардың нәтижелерін өлшеу – бұл олардың тиімділігін анықтау және әлеуметтік өзгерістердің бағытын нақтылау үшін маңызды. Мұндай өлшеулер тек бағдарламаның нәтижелілігін ғана емес, сонымен қатар қоғамның даму динамикасын да көрсетеді.

**4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):**

**1) Гендерлік көрсеткіш:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 1100 | 248 | 851 |

**2) Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметкерлер | Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары | Мүгедектігі бар тұлғалар | Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1100 | - | 483 | 116 | 222 | 77 | 87 | 97 | 18 | - | - |

**3) Жас көрсеткіші:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және одан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1100 | 48 | 135 | 367 | 357 | 116 | 48 | 28 |

**5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:**

**1) көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:**

Гендерлік саясат және әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, көбінесе, теңдік пен инклюзивтілікті қамтамасыз ету мақсатында қолға алынатын стратегиялық қадамдар болып табылады. Мұндай жобалардың тиімді іске асырылуы үшін насаналы топтардың рөлі өте маңызды. Жобаны іске асыру барысында насаналы топтарға қатысты бірнеше іс-шараларды атап өтуге болады:

**Әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігін арттыру**

- **Жобалар мен тренингтер ұйымдастыру**: Әйелдерге арналған кәсіпкерлік негіздері бойынша оқыту бағдарламалары, бизнес-жоспар жазу, қаржылық сауаттылық пен салық салу туралы тренингтер өткізу.
- **Қаржыландыру мүмкіндіктері**: Әйелдер кәсіпкерлеріне арналған гранттар мен микрокредиттер туралы ақпарат беру және оларға қолдау көрсету.
- **Тіркелген кәсіпкерлердің желісін құру**: Әйелдер кәсіпкерлерін біріктіретін ұйымдар мен клубтарды ұйымдастыру.

**Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен күрес**

- **Заңдық қолдау**: Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты алдын алу үшін құқықтық көмек көрсету. Бұл мақсатта заңгерлер мен психологтарды шақырып, семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру.
- **Қоғамдық сана мен білім беру**: Әйелдерге зорлық-зомбылыққа қатысты құқықтарын түсіндіретін ақпараттық кампаниялар жүргізу.

**Әйелдердің саяси қатысуын арттыру**

- **Саяси білім беру бағдарламалары**: Әйелдерді саяси өмірге тарту мақсатында арнайы оқу курстарын ұйымдастыру.
- **Үкіметке және жергілікті басқаруға қатысу**: Әйелдердің мемлекеттік және жергілікті билік органдарында көбірек өкілдік етуі үшін қолдау көрсету.

**Әйелдердің денсаулығы мен әл-ауқатын жақсарту**

- **Денсаулық сақтау қызметтері**: Әйелдер үшін мамандандырылған денсаулық сақтау бағдарламаларын құру, әсіресе ана мен бала денсаулығын қорғау.
- **Психологиялық көмек көрсету**: Әлеуметтік және психологиялық қиындықтарды жеңу үшін арнайы кеңес беру орталықтарын ұйымдастыру.

**Білім беру мен мансаптық даму**

- **Әйелдерге арналған білім беру бағдарламалары**: Ғылыми зерттеулер мен жоғарғы білім беру саласында әйелдердің қатысуын арттыру мақсатында арнайы курстар мен стипендиялар ұсыну.

- **Мансаптық даму мүмкіндіктері**: Әйелдердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыру үшін еңбек нарығында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бағытында шаралар қабылдау.

**Әлеуметтік қорларды қолдау және жұмыссыздықпен күрес**

- **Әйелдер үшін әлеуметтік қызметтер**: Әйелдердің жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында әлеуметтік қорлар мен жұмысқа орналасу бағдарламаларын дамыту.
- **Қоғамдық көмек көрсету**: Әлеуметтік осал топтағы әйелдерге қолдау көрсету үшін арнайы әлеуметтік қызметтер мен дағдарыс орталықтарын құру.

**Қоғамдық ақпараттық науқандар**

- **Гендерлік теңдік туралы ақпараттық науқандар**: Қоғамда әйелдердің құқықтары мен теңдігі туралы ақпарат тарату, дәстүрлі стереотиптерді жою.
- **Жақсы тәжірибелермен бөлісу**: Әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған жақсы тәжірибелер мен үлгілі жобалар туралы ақпараттық шаралар өткізу.

**Қорытынды**

Жобаларды іске асыру барысында насаналы топтардың белсенді қатысуы қоғамдағы әйелдердің жағдайын жақсартуға, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Сонымен қатар, гендерлік теңдікке жету үшін қоғамның барлық салаларында бірдей мүмкіндік жасау қажет.

**2) жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):**

Гендерлік саясат және әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған іс-шаралар қоғамның барлық салаларында теңдік орнатуға ықпал етеді. Жобаның ұзақмерзімді ықпалы ретінде әйелдердің қоғамда толыққанды және белсенді қатысуы, гендерлік теңдік, зорлық-зомбылықтың жойылуы, білім мен құқықтың тең қолжетімділігі сияқты нәтижелер күтіледі. Бұл өз кезегінде қоғамды әлдеқайда әділ, тұрақты және дамушы етеді.

**3) Іске асырылған жобаның әулеметтік-экономикалық әсері:**

Гендерлік саясат және әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру кез келген қоғам үшін маңызды әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге алып келетін мәселелер болып табылады. Бұл бағытта жүзеге асырылған жобалар, ең алдымен, әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге, теңдік орнатуға және әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыруға ықпал етеді. Мұндай жобалардың әлеуметтік-экономикалық әсері бірнеше бағытта көрініс табады.

**Әлеуметтік әсерлері**

**Әйелдердің құқықтарын қорғау және теңдік орнату**

Гендерлік теңдік мәселелері бойынша жүргізілген жобалар әйелдердің құқықтарын қорғауға, оларды қоғамның барлық салаларында тең дәрежеде қатысуына мүмкіндік береді. Бұл әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, отбасылық қатынастарды нығайтуға, қоғамдағы әйелдердің абыройы мен мәртебесін көтеруге көмектеседі.

**Білім беру мен ақпараттандыру**

Әйелдерге арналған білім беру бағдарламалары мен тренингтер әйелдердің кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді. Білім мен дағдылардың артуы әйелдердің экономикалық белсенділігін арттырып, олардың кәсіби даму жолында жаңа мүмкіндіктер ашады.

**Әлеуметтік қысымның төмендеуі**

Әйелдерге арналған психологиялық қолдау, отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу және әлеуметтік қорғау шаралары арқылы қоғамдағы әйелдерге қатысты әлеуметтік қысымдар мен стереотиптерді жоюға мүмкіндік береді. Бұл әйелдердің өмір сапасын жақсартуға және олардың қоғамда өз орындарын табуына септігін тигізеді.

**Экономикалық әсерлері**

**Жұмыспен қамту деңгейінің артуы**

Әйелдердің жұмыс нарығына толық қатысуы олардың экономикалық жағдайын жақсартуға ғана емес, жалпы экономиканың дамуына да оң әсерін тигізеді. Әйелдер мен ерлердің еңбек нарығында тең дәрежеде қатысуы жалпы ішкі өнімді (ЖІӨ) арттырады. Бұл әсіресе, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау және қызмет көрсету салаларында айқын көрінеді.

**Кәсіпкерлікті дамыту**

Гендерлік саясат аясында әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға арналған бағдарламалар әйелдерге өз бизнестің негізін қалауға мүмкіндік береді. Бұл кәсіпкерлік ортаны жаңартып, экономиканы әртараптандыруға көмектеседі. Сонымен қатар, әйелдер өздерінің табыс көздерін кеңейте отырып, үй шаруашылығына да қосымша кіріс әкеледі.

**Отбасы мен қоғам арасындағы қарым-қатынас**

Әйелдердің экономикалық белсенділігі отбасының жалпы әл-ауқатына әсер етеді. Әйелдер жұмыс істеген кезде отбасылардың табысы артады, балаларға арналған білім, денсаулық сақтау, тұрғын үй және басқа да әлеуметтік қызметтерге көбірек қаражат жұмсалады. Бұл ұзақ мерзімді кезеңде ұрпақтар арасындағы әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге, баланың сапалы білім алуына мүмкіндік береді.

**Қорытынды**

Әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған іс-шаралар және гендерлік саясат аясындағы жобалар жалпы қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына зор әсер етеді. Бұл шаралар әйелдердің өмір сапасын жақсартып, жұмыс нарығында тең мүмкіндіктер қалыптастырып, қоғамдық сананы жаңартуға ықпал етеді. Сондықтан гендерлік саясатты тиімді жүзеге асыру экономикалық өсуді жеделдетіп, әлеуметтік теңдікті арттырады.

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?** *жоқ*

**Әлеуметтік жобаның серіктестері**

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

| Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ | Жоюадағы рөлі | Ұйымның, серіктестің байланыстары | Ескерту |
|---|---|---|---|
| «Жастар Рухы» Жастар қанаты Шымкент қалалық филиалы | - | 8 700 343 40 40 | - |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жастар ресурстық орталығы КММ-і | - | 8 771 907 77 94 | - |

**Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:**

| № | Мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты | Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | - | - | - | - | - | - |

**Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.**

| Мемлектетік органдар | Ұсынымдар | Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні *(қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)* |
|---|---|---|
| | | |

**Есеп беттерінің жалпы саны: 15**
**Грант алушы: «Алтын Орда» қоғамдық қайырымдылық қоры**

**Толтыру күні:** 25.11.2024 жыл
**Мөрдің орны:**